

Түркістан облысы
Келес ауданы
№27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектеп

**«Парасат»
қыздар ұйымы**

2021-2022 оқу жылы



КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БӨЛІМІ» ММ «№27
Н.ТИЛЕНДИЕВ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №27 имени
Н.ТИЛЕНДИЕВА»
«ОТДЕЛ РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО
РАЙОНА»

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

БҰЙРЫҚ

14.11.2021

Жанаконьес ауылы

«Мектептегі қыздармен жұмыс туралы»

ПРИКАЗ

№ 425

село Жанаконьес

2021-2022 оқу жылындағы мектептің тәрбие жұмысының
жоспарын орындау және қыздармен жұмысты жандандыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектептегі қыздармен жұмысты жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.
2. Мектептегі «Парасат» қыздар ұйымының төрайымы Р. Алипова, хатшысы Ұ. Сарсенбаева болып бекітілсін.
3. Мектептегі «Парасат» қыздар ұйымының мүшелері құрамына төмендегілер бекітілсін;
 - мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Ж. Асанбаева
 - мектеп педагог психологы – А. Анарбаева
 - мектеп медбикесі – Ф. Қаңтарбаева
 - орыс тілі пәні мұғалімі – Ф. Умирзахова
 - орыс тілі пәні мұғалімі – М. Кадырова
 - көркем еңбек пәні мұғалімі – Г. Қалдарова
4. Қыздармен жұмысты жыл бойы жандандыру үшін, түрлі байқаулар, кездесулер, конференциялар ұйымдастырылып өткізілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н. Серікбаевқа жүктелсін.

Мектеп директоры: Ш. Мамашова

Бұйрықпен таныстым:

(КОЛЫ)

(Т.А.Ә)

Бұйрықпен таныстым:

(КОЛЫ)

(Т.А.Ә)

Бұйрықпен таныстым:

(КОЛЫ)

(Т.А.Ә)

Бұйрықпен таныстым:

(КОЛЫ)

(Т.А.Ә)

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директоры:

III. Мамашова

№27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектебінің 2021-2022 оқу жылындағы қыздармен жұмысты жетілдіру жөніндегі «Парасат» қыздар ұйымының іс-шаралар жоспары.

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Мектепте «Қыздармен жұмысты жетілдіру» жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту және оны бұйрықпен рәсімдеу.	Қыркүйек	Мектеп директоры III. Мамашова
2.	«Қыз еркем-қылығымен көркем» тақырыбында сыныптарда әңгіме өткізу.	Қыркүйек	1-11 сынып жетекшілері
3.	Көшеде, мектепте жүріп, тұруы өрескел қыздармен жеке әңгімелесу, түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	Жыл бойы	1-11 Сынып жетекшілері «Парасат» қыздар ұйымы
4.	«Қыз баланың әдебі» тақырыбында сынып сағаттарын өткізу.	қазан	Сынып жетекшілері
5.	Қыздар арасында түрлі тақырыпта байқаулар, кездесулер, конференциялар ұйымдастырып, өткізу.	Жыл бойы Жоспар бойынша	«Парасат» қыздар ұйымы
6.	«Қазақ халқының дәстүрлері» тақырыбында диспуттар өткізу.	қараша	8-11 сынып жетекшілері
7.	«Қызды қырық үйден тыю» тақырыбында пікір алмасу.	қаңтар	7-11 сынып жетекшілері
8.	«Қыз сыны-2022» байқауын өткізу.	наурыз	Қыздар ұйымының төрайымы Алипова.Р
9.	Қыздар комитетінің жиналыстарын өткізу.	Ай сайын	«Парасат» қыздар ұйымы
10.	«Үлгілі отбасы-2022» байқауын өткізу.	мамыр	«Парасат» қыздар ұйымы

Ескерту: Жиналыстың онлайн не офлайн форматта өтілуі аймақтың эпидемиологиялық жағдайына байланысты өтіледі.

Мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:
Директордың бастауыш
сыныптар бойынша орынбасары:

Н. Серікбаев

У. Керимбердиева

**№ 27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектептің қыздар
жиналысының**

Хаттамасы.№1

24.09.2021 ж

Жаңа қоныс ауылы

**Қатысқандар: 115 қыз бала
5-11 сыныптар**

Күн тәртібінде

1. Мектептің ішкі тәртіп ережесі туралы
2. Салауатты өмір салтын насихаттау
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды: Қыздар кеңесінің төрайымы Р.Алипова күн тәртібіндегі мәселемен таныстырды

Бірінші мәселе бойынша Алипова Раушан апай былай деді: Құрметті қыздар біздің мақсатымыз мектептегі әрбір қыз баланы ибалылықты сақтауға балуу, адамгершілікке имандылық эстетикалық тәрбие беру. Адам мінезі құлқының, іс-қимылының дүниедегі ең сұлу мәнге ие екендігін дәлелдеу, сол арқылы оқушылардың жан дүниесінің сұлу болуына ықпал жасау.

Қыркүйек айында әрбір оқушы, ата-ана мектептің ішкі тәртіп ережесімен танысқандығын айтып, қыздар ақ бантик, ақ көйлек, көк юбка қыс мезгілінде классикалық шалбар кию керектігін ескертті. Мектеп формасында келу және бірыңғай талап ережесін сақтау керектігін түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша мектептің медбикесі Ф. Қаңтарбаева «Салауатты өмір салты» туралы баяндама оқыды. Өз денсаулығына деген ынталы қатынасты қалыптастыру ең бірінші денсаулық құндылықтары. Қазірден бастап салауатты өмір салты нені қамтытынын білуі үшін, негізгі талаптарға қысқаша тоқталып өтейік: денешынықтыру және спорт қозғалыс адам өмірінде маңызды орын алады.


Жеке басты гигиенасы-тазалық және мұнтаздылық-адам үшін өте маңызыды
жұқпалы аурудың алдын алу,зиянды әдеттердің алдын алу т.б
Жоғарыдағы мәселерді талқылай келе жиналыс төмендегі ұсыныс етеді:

1.Қыздардың мінез құлқы,тәртібі бірыңғай толық ережесі сақтау және қадағалау
оқушыға,сынып жетекшісі,ата-анасына міндеттелсін.

2.Жеке бас гигиенасын және салауатты өмір салтын сақтау әрбір оқушы қызға
міндеттелсін.

Қыздар кеңесінің төрайымы:

Хатшысы:



Алипова Р

Сарсенбаева Ұ

**№ 27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектептің қыздар
жиналысының**

Хаттамасы.№ 2.

22.10.2021 ж

Жаңа қоныс ауылы

**Қатысқандар: 95 қыз бала
7-11 сыныптар**

Күн тәртібінде

1. «Қыз баланың әдебі» баяндама
2. Видеоролик
- 4.Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:


Бірінші мәселе бойынша «Қыз баланың әдебі» тақырыбында баяндама оқылды. Қызбалаларды әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, шынайылыққа тәрбиелеу. Сондықтан ата-бабаларымыз «Қыз қылығымен сүйкімді» деген сөзді бекер айтпаса керек. Қыз деген сөздің өзі әдептілік, әдемілік, жан-жақты сұлулық деген ұғымы мен астасып жатқандай. Мақал-мәтел: «Ұл-ұяты әкеге, Қыз ұяты-шешеге». «Қыздар сұлу көрінеді қылығымен»
7-11 сыныптарға сынып жетекшілер «Қыз баланың әдебі» тақырыбында сынып сағаттарын өтті.

2. Тақырып бойынша қыздарға видеороликтер көрсетілді. Жоғары сынып қыздары өз ойларын айтып өтті.

3. Қыздарға қазақи салт- дәстүрге байланысты түрлі бейнетаспалар көрсету арқылы имандылыққа тәрбиелеу. «Қызды қырық үйден тыю» т.с.с мақал-мәтелдер арқылы қыздарды әдептілікке баулу.

Қаулы: алдағы уақытта қыздар мәселесін тереңірек қарап көбірек жиындар ұйымдастыру.

Қыздар кеңесінің төрайымы:



Р.Алипова

Хатшысы:



Ұ.Сарсенбаева

№27 Н.Тілендиев атындағы жалпы орта мектептің қыздар
жиналысының

Хаттамасы. №3

23.11.2021ж

Қатысқандар: 115 қыз бала
5-11 сыныптар

Күн тәртібінде

1. «Қазақ халқының дәстүрлері»
(пікірталас)
2. Видеороликтер

Тыңдалды:

Әр ұлттың өзіне сай ата дәстiрi әдеп-ғұрпы бар.Қазақ халқының да өзіне сай ерекшеліктерінің бейнесі секілді сал-дәстүрі бар.Олардың мән мағынасы берер тәрбиесі мол.Қазіргі таңда солардың дірін білсек бірін білмейміз. Халқымыздық салт дәстүріне деген ой өрісін кеңейтп,дәстiүрлерді бойларына сіңіру мақсатында «Қазақ халқының дәстүрлері» тақырыбында жоғары сынып қыздарымен пікірталас өтiлдi. Пікірталасқа қыздарымыз жақсы қызығушылықпен қатысты.Өз ойларын ортаға салды.

3. Қыздарға қазақи салт- дәстүрге байланысты түрлі бейнетаспалар көрсетiлдi.Бейнетаспаларды көрсету арқылы имандылыққа тәрбиелеу. « Қызды қырық үйден тыю» т.с.с мақал- мәтелдер арқылы қыздарды әдептілікке баулу.

Қаулы: Қыздар арасында салт-дәстiрге баланысты сайыстар ұйымдастырылса

Қыздар кеңесінің төрайымы:



Р.Алипова

Хатшысы:



Ұ.Сарсенбаева